



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 3 хаттама

Алматы қ.

30 қазан 2025 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы

Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы практикалардың қорытындылары және жаңа оқу жылына міндеттер.
2. Академиялық мектептердің және орталықтың даму перспективалары.
3. Аралық аттестация нысандарын бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің өкілі және мектеп декандары 2024–2025 оқу жылындағы оқу, өндірістік және дипломалды практикалардың қорытындылары туралы есеп ұсынды. Практикалардың ұйымдастырылу деңгейі, серіктес ұйымдармен ынтымақтастық, студенттердің практика базаларымен қамтылуы және кері байланыс нәтижелері талданды. Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылына арналған міндеттер мен практика сапасын арттыру бағыттары айқындалды.

2-сұрақ бойынша

Мектеп декандары және Жалпы білім беру пәндер орталығының басшысы академиялық құрылымдардың даму перспективалары туралы кеңейтілген ақпарат ұсынды. Баяндамада білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына және кәсіби стандарттарға сәйкестендіру, білім беру мазмұнын жаңғырту және жаңа элективті пәндер енгізу мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жарияланым

белсенділігін арттыру, гранттық қаржыландыру жобаларына қатысуын кеңейту және жас ғалымдарды қолдау тетіктерін жетілдіру бағыттары атап өтілді.

Халықаралық ынтымақтастық аясында қос дипломды бағдарламаларды дамыту, академиялық ұтқырлықты кеңейту және шетелдік серіктес университеттермен бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру мүмкіндіктері талқыланды. Кадрлық даму бағыты бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру, тағылымдамалар ұйымдастыру және ішкі сапа менеджменті жүйесін жетілдіру қажеттігі айтылды.

3-сұрақ бойынша

Академиялық мәселелер департаменті 2025–2026 оқу жылына арналған аралық аттестация нысандарын бекіту жөнінде ұсыныс енгізді. Ұсынылған нысандар академиялық саясат талаптарына, білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне және оқыту нәтижелеріне негізделіп әзірленгені баяндалды.

Аралық аттестация формалары ретінде жазбаша емтихан, тестілеу, жобалық жұмыс, практикалық тапсырмалар және аралас бағалау нысандары қарастырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар, академиялық адалдық қағидаларын сақтау, бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету, цифрлық платформаларды пайдалану және емтихан сессиясын ұйымдастыру тәртібі нақты түсіндірілді.

Кенес мүшелері бағалау критерийлерінің бірізділігін сақтау және білім алушылар үшін қолайлы академиялық орта қалыптастыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

4-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында оқу үдерісін ұйымдастыру және академиялық бақылау мәселелері қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. Практикалардың қорытындылары туралы есепті назарға алу және практика базаларын кеңейту, сапасын арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау ұсынылды.

2. Академиялық мектептердің және орталықтың даму перспективалары туралы ақпаратты назарға алу, білім беру бағдарламаларын жаңғырту, ғылыми әлеуетті арттыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және кадрлық біліктілікті дамыту бағытындағы ұсынылған шараларды кезең-кезеңімен іске асыруды жалғастыру ұсынылды. Сонымен қатар, аталған бағыттардың орындалу барысын тұрақты мониторингке алып, нәтижелері туралы Ғылыми кеңеске есеп беру тетігін енгізу ұсынылды.

3. Ұсынылған аралық аттестация нысандарын бекіту, оларды білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкес қолдану және бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету ұсынылды. Аралық аттестацияны ұйымдастыру мен өткізу барысында академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақтау және белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асыру ұсынылды.

4. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге тапсырмалар беру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы практикалардың қорытындылары туралы есеп назарға алынсын. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке және мектеп декандарына жаңа оқу жылына қойылған міндеттерді орындау тапсырылсын.
2. Академиялық мектептердің және орталықтың даму перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған аралық аттестация нысандары бекітілсін.
4. Әртүрлі мәселелер бойынша қабылданған шешімдер тиісті құрылымдық бөлімшелерге орындау тапсырылсын.

Ғылыми кеңестің төрағасы

Ғалым хатшы



Темербаева А.М.

Жүнісқалиев Т.Т.